

№ 20 тұрғын үйдің трансформаторлы қосалқы станциясының ғимаратын қуатты жабдықтарымен және 10 кВ және 0,4 кВ кернеулі кәбілдік желілерімен бірге республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 мамырдағы № 394 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы № 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Республикалық меншіктегі теңгерімдік құны 17685539 (он жеті миллион алты жүз сексен бес мың бес жүз отыз тоғыз) теңге Астана қаласы, № 5 шағын аудан мекен-жайы бойынша орналасқан № 20 тұрғын үйдің трансформаторлы қосалқы станциясының ғимараты қуатты жабдықтары мен 10 кВ және 0,4 кВ кернеулі кәбілдік желілерімен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің теңгерімінен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген объектілерді қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі